



**Автор:** Ахметова Жанар Ерсейтовна

**Пән:** Қазақ тілі (Т1)

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Сүйіспеншілік пен достық

**Тақырып:** Қайырымдылық – сүйіспеншіліктің бір көрінісі

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру (7.05.)                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Сабақтың мақсаты:                             | Оқушылардың барлығы: Қайырымдылық туралы мәтіндермен танысады және етістіктің есімше түрін еске түсіреді. Оқушылардың көпшілігі: Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады, сұрақтың өмірдегі маңыздылығын ашады. Оқушылардың кейбіреуі: «Қайырымдылық – адам жанының нұры» сөйлеміне сатылай кешенді талдайды. |
| Тілдік мақсаттар:                             | Пәндік лексика мен терминология: қайырымдылық, сүйіспеншілік, мейірімділік, жанашырлық, имандылық. Оқушылар түсінеді және сипаттайды                                                                                                                                                                                 |
| Күтілетін нәтиже:                             | Мақал бойынша өз пікірін жеткізе алады. - Сатылай кешенді талдау жасай алады                                                                                                                                                                                                                                         |
| Бағалау критерийлері:                         | Білім алушы: • Мәтіндегі мәселені түсінеді; • Мәтін идеясын анықтай алады; • Проблемалық сұрақ құрастыра алады; • Қойылған сұрақтарға ұтымды жауап бере алады. • Мәтіннен есімшелерді тауып, қолданылуын түсіндіреді                                                                                                 |
| Құндылықтарды дарыту:                         | Қайырымдылық тәрбие беру                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | Бейнежазба                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Пәнаралық байланыс:                           | Әдебиет, өзін-өзі тану                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Бастапқы білім:                               | Отбасындағы сүйіспеншілік                                                                                                                                                                                                                                                                                            |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері      | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Ресурстар           |
|----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|
| Сабақтың басы (10)   | Сәлемдесу. “Амандасу” тренингі Оқушылар дөңгелене отырады. Барлығы тақтаға қарайды. Егер тақтада күлкі бейнеленсе, онда бір - бірімізге күлімсірей қараймыз, қол бейнеленсе - қолымызды қысып амандасамыз, күн бейнеленсе - жақсы ықыласпен сәлемдесеміз, жүрек бейнеленсе - құшақтасамыз. 1. Бейнежазба көру арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту. 2. Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы Дұрыс жауап беріледі. Бір топ бір топты тексереді. Қ/Б. Екі жұлдыз, бір тілек                                                                                                                                                                        | Суреттер Бейнежазба |
| Сабақтың ортасы (12) | 2-тапсырма. «Сағат тілі» әдісі Мәтіннен есімшелерді тауып дәптерге сағат тілімен ауысып отырып жазыңыз. Дескриптор: - Мәтіндегі есімшелерді ажыратады. - Есімше тұлғалы сөздерді теріп жазады. Қ/Б: «Қолдау, қолпаштау» әдісі 3-тапсырма. «Ортадағы қалам» әдісі Қайырымдылық – адам жанының нұры. 1-топ. Сөйлемге синтаксистік талдаудың 1,2,3 сатысына талдау. 2-топ. Нұры сөзін сөз құрамына лексика-грамматикалық мағынасына 1,2,3 сатысына талдау. 3-топ. Жанының сөзіне сөзсаяндық 1,2,3 сатысына талдау. 4-топ. Дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру. Дескриптор: -Мақал бойынша өз пікірін білдіреді. - Сатылай кешенді талдайды. | Мәтін, дәптер       |
| Сабақтың соңы (11)   | Қорытынды: Қайырымдылық – жақсы қасиет. Ол кішіге қамқор болу, үлкенге көмектесу, ізгілікті іс жасау. Қайырымды адамды туыстары жақсы көреді, мақтан тұтады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Дәптер, тақта       |

| Сабақкезеңдері   | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                              | Ресурстар     |
|------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
| Рефлексия<br>(7) | Кері байланыс. Шеринг жаттығуы Бүгін не үйрендің? Ол сенің өміріңе қаншалықты қажет? (оқушылар осы сұрақтар төңірегінде бір сөйлеммен жауап береді) | қима қағаздар |